

Хромтау аудандық қоғамдық кеңесі отрысының

Хаттамасы

№ 4

2023 ж. 27.09.

Әкімдік мәжіліс залы

Отырысқа қатысушылар: аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, аудан әкімі, оның орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, облыстық мәслихат төрағасы және т.б. лауазымды өкілдер (тізімі қоса беріледі).

Отырысты аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Б.Ашабаев ашып, жүргізді.

Күн тәртібі:

1. «Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі Н.Ж.Тілеумұратовтың есебі туралы.

2. Ауданың халыққа қызмет көрсету бөлімінің қызметін тыңдау.

3. Аудандық пошта торабы байланысының қызметі туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде, «Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі Н.Ж.Тілеумұратовтың есебі тыңдалды.

Жыл басынан орындалған іс-шаралар мен атқарылу барысындағы жұмыстар қамтылып, аудан бюджетінің кіріс бөлігі өткен жылғы мерзіммен салыстырғанда 400 млн. теңгеге артып, 10,0 млрд. теңгегені құрап, өсім динамикасы аталып, сонымен қатар, өнеркәсіп, инвестиция, шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы салаларындағы ілгерілеген ірі жобалар, олардың орындалу барысы баян етілді. Аудан әкімі аумақтағы жалғасын тауып, атқарылып жатқан, сондай-ақ алдағы уақытта жүзеге асырылатын жоба, жоспар, іс-шаралардың баршасын қамтып, сөзінің соңында мемлекет Басшысы биылғы Жолдауында өңірлік саясатты жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздікті азайту, Ұлттық даму жоспары аясында азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру бағытында айқындан берген міндеттерін бірлесе атқаруға сенімін білдіріп, есебін түйіндеді.

Қоғамдық кеңес төрағасы Болат Бұзаубайұлы аудан әкімінің есебі тыңдалған соң, алдағы атқарылатын ауқымды жобалардың нәтижесі халық иғілігі үшін деп пікірін жеткізіп, әрі қарай көпшілік көтеріп жүрген мәселелердің бірі Хромтау ауданының халыққа қызмет көрсету бөлімінің қызметін тыңдау үшін М.Бақбергеновке сөз берді. Сұрактар болды. Талқыға салынды. Қоғамдық кеңес мүшелері және жиынға қатысушылар осы мекеме қызметкерлерінің қызмет көрсетуде баяулықтары мен білім деңгейлерінің төмендігін тілге тиек етті.

Келесі кезекте аудандық пошта торабы байланысының қызмет туралы мекеме басшысы Ж.Серікбаев тыңдалды. Б.Ашабаев пошта бөлімінде қызмет көрсету орындары бос тұратынын, соңғы уақытта үнемі тек бір маманғана

келушілерге қызмет ететінін, салдарынан аудан тұрғындарының тарапынан туындаған наразылықтарын жеткізді. Пошта басшысы кадр тапшылығы шешіліп, пошта жұмысының реттелетінін мәлімдеді.

Қоғамдық кеңес жұмысының соңында Гүлласима Сүйінтаева сөз алып, аудан, облыс бойынша жоба-жоспарларға тоқтап, қоғамдық кеңес жұмысына онтайлы пікірін білдірді.

Қоғамдық кеңес отырысының жүргізілуіне, сұрақтардың қаралуына қатысуышылардың тарапынан сұрақ, ұсыныс болған жоқ. Қоғамдық кеңес тәрағасы Б.Ашабаев отырысты жабық деп жариялады.

**Хромтау аудандық
Қоғамдың кеңесінің тәрағасы**



Б.Ашабаев

**Хромтау аудандық
Қоғамдың кеңесінің хатшысы**



Г.Нұрмаханова